

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2020)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/GLES5779>**Г. Қ. Абдирасилова, Ш. Д. Дүйсенова**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.**ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА ӨТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ОРФОГРАММАСЫ**

Мақалада латын графикасына өту жағдайындағы кірме сөздердің орфографиялануы жайында сөз болады. Қазақ әліпбиін латыннегізді графикаға көшіруде қазақ жазуында ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарының айқын көрініс табуына, тілдің дыбыстық қор әлеуетінің қамтылуына айрықша назар аударылады. Кирилл әріптерін жаңа әліпби бойынша қазақтың айтылым заңдылығына сөйкес икемдеп жазу қазақ тілінің табиғи қалтын сақтауға мүмкіндік береді. Шеттілдік сөздерді өзіміздің дыбыстық жүйемен, өзіміздің жазба тіл жүйесімен тілімізге сіңіру, игеру арқылы ұлттық болмысымызды сақтаймыз. Бұл орайда жаңа әліпбиді үйренудің де, өз дәрежесінде үйретудің де маңызы өте зор.

Кілтті сөздер: жаңа әліпби, қазақ тілі емлесінің ережелері, латын графикасына өту, кірме сөздер, орфографиялану.

Кіріспе

Елдің өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, тіліне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа өз мемлекет тілінде сапалы тәрбие мен білім беру бүгінгі заман талабы.

Елбасы 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жөнінде нақты тапсырма беріп, «...2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек», – деп қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің керектігін ескерткен болатын [1].

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшу арқылы біз мына нәрселерден ұтамыз. Біріншіден, жат дыбыстарды таңбалайтын әріптер

қысқарып, тіл тазалығы сақталады. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан кезде басы артық таңбаларға қажетті емле, ережелер қысқарып, оған кететін уақыт пен қаржы үнемделеді. Үшіншіден, латын графикасына негізделген әліпбиге көшу - қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына мүмкіндік береді. Төртіншіден, түркітілдес елдермен, мәдени, рухани және экономикалық қарым-қатынасты нығайтуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің нысаны: латын графикасына өту жағдайындағы кірме сөздердің орфограммасы

Зерттеудің пәні: Латын графикасы және қазақ жазуы

Мақсаты: Елімізде соңғы жылдары жүріп жатқан қоғамдық-саяси, экономикалық және басқа да салалардағы өзгерістер, үш тілдік тұғыр саясаты тілімізге де өзгерістердің, соның ішінде ағылшын тілінен енген кірме сөздердің пайда болуы және латын әліпбиіне көшу – өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақты анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы кірме сөздердің жазылу ерекшеліктері.

Міндеттері:-Жазбаша жолмен енген кірме сөздер фонетикалық, орфографиялық және грамматикалық ерекшеліктерін сақтап қалады. Тілге кірме сөздердің келуінің негізгі жолдары: транскрипция, транслитерация, калькалау және семантикалық кірмелерге сипаттама;

Кірме сөздерді зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасау;

Емле ережесі (жоба, 2) қабылданғаннан кейін өзгерістерге («Соңғы емле 9 тараудан, 107 тараудан тұрады) соның ішінде, VIII тарау «Шеттілдік сөздердің емлесі» тарауына талдама жасау.

Орыс тіліндегі сөздерде келетін «ё, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ» әріптерінің орнына жазылатын баламалары, таңбалану ерекшеліктері.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Кез келген тілдің сөздік құрамы үнемі жаңарып толығып, жаңаланып отырады.

Кірме сөздер – тілаларлық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, сөз тіркестері, жұрнақтар т.б.). Көбінесе белгілі бір жаңа ұғым-түсініктің атауы болып келетін кірме сөздер «шет тіл сөздері», «интернационал сөздер», «варваризмдер», «калька» сияқты түрлерге сараланып зерттеледі. Кірме сөздердің кейбірінің түр-тұлғасынан, дыбысталуынан қай тілдің еншісіне жататыны белгілі болып

тұрса, ал ертеден қолданылып, тілге әбден сіңісіп кеткен кірме сөздің қайсы бірінің түп төркінін айқындау үшін арнайы этимологиялық зерттеулерге жүгінуге тура келеді. Мысалы, тіліміздегі заң-закон қос сөзінің заңоны – орыс сөзі екені баршамызға белгілі, ал төл сөзіміздей болып кеткен заң болса – ерте замандарда қытай тілінен ауысқан лексема [2]. Алайда қазақ тіліне кірме сөздердің енуі жаңалық емес, себебі қазақ халқының басынан кешкен ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, әр кезеңде түрлі қарым-қатынастар жасағандығы мәлім. Ертеде тәжік, өзбек, татар халықтары арқылы VIII–XI ғасырларда араб-парсы елдерімен, XII–XIII ғасырларда монғол елдерімен, XVIII ғасырдан, яғни Қазақстанның Ресей қарамағына ене бастаған кезеңінен, бастап бүгінгі күнге дейін орыс халқымен тікелей үздіксіз қарым-қатынас жасап келеді. Осындай ұзақ байланыстардан кейін қазақ тілінің сөздік құрамында көптеген шетел сөздері пайда болған.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен келіп енген: араб тілі, парсы тілі, монғол тілі, орыс тілі. Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздер қазіргі кезде қазақ тілінің төл сөздеріндей болып кеткен. Кірме сөздер тілге ауызша және жазбаша жолмен де енеді. Ауызша жолмен енген сөздер тілге тез сіңіп кетеді де, жазбашалары өзінің фонетикалық, орфографиялық және грамматикалық ерекшеліктерін сақтап қалады. Тілге кірме сөздердің келуінің негізгі жолдары: транскрипция, транслитерация, калькалау және семанткалық кірмелер.

Транскрипция – шетелдік сөздердің өз дыбыстық формасын сақтап қалуы. Мысалы: image, summit, trailer, briefing және т.б.

Транслитерация – шетелдік сөздердің жазылуында ана тілінің әріптерін қолдану. Мұнда сөздер қабылдаушы тілдің ережесі бойынша оқылады. Мысалы: пиар (PR), веб (web), провайдер (provider), мотель (motel).

Калькалау - шетелдік сөздердің қабылдаушы тілдегі сөздермен берілетін тура аудармасы.

Кірме сөздерді зерттеушілердің бірі А. Т. Исламованың «Шетел сөздерінің белгілері мен деректері» тақырыбындағы зерттеуінде қазақ терминологиясында шетел сөздердің келесі түрлерін ажыратуға болады дейді: 1) материалдар кірмелер; 2) калькалар; 3) аралас кірмелер (полилексемдік терминдер мен күрделі сөздерде) [3].

XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басындағы зерттеушілердің көбінің еңбектерінде «кірме сөздер» термині қолданылады, алайда кейбір зерттеушілер кірме және калькалауды әр түрлі процесс деп қарастыруды ұсынады. Басқа тілден енген сөздердің тілге калька арқылы енуі қабылдаушы тілдің лексикасының толықтырып байытатыны жөнінде көптеген лингвистер Б. Әбілқасымов, Б. Момынова өз еңбектерінде атап өтеді [4, 5].

Сөздік қорымызға күн санап еніп жатқан шет тіл сөздерді латын графикасымен игерудің орфографиялық, лингвоәлеуметтік және лингвопсихологиялық тұрғыдан профессор Н. Уәли, А. Фазылжанова, Қ. Күдерінова, А. Алдаш, Н. Әміржанова, т.б. орфограф-тілтанушы мамандар айналысып келеді. 2017 жылы шыққан «Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу)» атты ұжымдық монографияда бұл мәселенің алғышарттары зерттелген болатын. Ғалымдар қазіргі шет тіл сөздерді игерудің үш моделін көрсетіп отыр. Олар: әріп модель, тіркес модель және қосымша модель.

«Тіл – Қазына» ұлттық орталығы елімізде мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруда ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу қызметін атқарып келеді. Емле ережелерінің өзі 9 тарауға бөлініп, тілдік ерекшеліктер нақты көрініс тапқан. Емле қабылданғаннан кейін өзгерістерге көз жүгіртіп шықтық: «Соңғы емле 9 тараудан, 107 тараушадан тұрады. Соның ішінде VIII тарау «Шеттілдік сөздердің емлесі» тарауы §76 мен §98 параграф аралығында 22 параграфты қамтып тұр. Шеттілдік сөз – жазба тұрпаты түпнұсқасынан үлкен айырмасы болмайтын өзге тілден енген сөз. Бұрынғы кирилл графикасына негізделген қазақ емле ережесін оқытуда қиындық тудырып жүрген, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейтін ц, щ, ю, я, э, ё, ь, ъ жат әріптерінен арыламыз.

Емледе шеттілдік сөздердің түп нұсқасы сақталуы басты орфографиялық талап болса, енді оларды қазақ тілінің ішкі табиғи ерекшеліктеріне бейімдеуге ерекше көңіл бөлінген. Сонымен бірге халықтың қазіргі жоғары сауаттылығына байланысты шеттілдік сөздерді көп өзгеріске түсірмей, халықаралық терминдер мен атаулардың тұрпатын сақтау арқылы жазу заңдылықтарын тым күрделендіріп жібермей, сол арқылы шетел тілдерін оқып – үйренуге де оңтайлы болу жағы ескерілгені байқалады. Мысалы, rejsor, valy`ta, dizain, y`chilshе, piesa, film, sement, pa`rol, pitsa, komersia, moderator [6].

Өз ана тіліміздің табиғатына сай жазу емлесін қалыптастыруды мақсат еткен бұл ережелер жобасындағы шеттілдік сөздер мен кейбір кирилл әріптерінің емлесі туралы жазылған қағидалар да жұртшылық көңілінен шығады. Себебі шығыс тілдерінен енген сөздердегі «х», «һ» әріптерінің жазылуы, орыс тіліндегі сөздерде келетін «ё, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ» әріптерінің орнына жазылатын баламалары ғылыми тұрғыда дұрыс берілген. Әліпбиден шығарылып тасталған өзге тіл әріптерінің таңбалану ерекшеліктері дұрыс, қазақ тілінің табиғатына сай айтылған [7].

Қазақ тілінің кейбір төл сөздерінде (ұя, тақия, аю, ою, т.б.) және өзге тілдерден қабылданған шеттілдік сөздерде (ядро, сюжет, шётка, электр,

т.б.) жазылатын кейбір кирилл әріптері жаңа ұлттық әліпби негізінде қалай таңбалаңады?

Ё әрпінің таңбалаңуы. Жаңа әліпбиде бұл әріп жоқ. Латыннегізді жаңа қазақ жазуында ё әрпі ó әрпімен таңбалаңады. Оларға қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады: Манёвр–manóvг (-diń,-i,-ge,-ler), бруцеллёз–brýselóz (-diń,-i,-ge,der), актёр–aktór (-diń,-i,-ge,-ler).

Ц әрпінің таңбалаңуы. Жаңа әліпбиде бұл әріп жоқ. Жаңа әліпби бойынша ц әрпі және сц әріп тіркесі s әрпі арқылы жазылады: Цирк–sirk, цифр–sifr, цилиндр–silindr, циркуль–sirkýl, дециметр – desimetr, медицина–medisina.

Қатар келген ц әрпі ts тіркесі арқылы таңбалаңады: Пицца–pítsa, Ницца–Nítsa -тч дыбыстар тіркесімен аяқталатын сөздердегі т әрпі түсіріліп жазылады: Скотч–skoch,скетч–skech, матч–mach.

Щ әрпінің таңбалаңуы. Латыннегізді жаңа қазақ жазуында щ әрпі төл сөздерде shsh әріп тіркесімен, ал шеттілдік сөздерде sh әрпімен таңбалаңады: Ащы–ashshy, тұщы–tushshy, кешче–keshshe, училище–úchilshе.

Э әрпінің таңбалаңуы. Жаңа қазақ әліпбиінде э әрпі е әрпімен жазылады: Элемент–element, элеватор–elevator, эпопея–eroreia, поэтика – poetika.

Ю әрпінің таңбалаңуы. Ю әрпі төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстан кейін jú әріп тіркесімен: Аю – айú, ою – ойú, Юпитер – Júpiter, Юмала – Júmala, каюта – кайúта

Дауыссыз дыбыстан кейін ú әрпімен таңбалаңады: Парашют–parashút, абсолют– absalút, глюкоза–glúkoza, дебют–debút, продюсер – prodúser.

Сондай-ақ айыру белгісі (ъ) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін де ú әрпімен жазылады: Компьютер–kompúter, тьютор–tútor, конъюктура–konúktýra, конъюктивит – konúktivit.

Ю әрпі үнемі дауыссыздардан кейін келе бермейді, кейде и әрпінен кейін де жазылады. Мұндай жағдайда ю әрпінің орнына ú жазылады: Қию – қиú, кию – киú, дию – диú.

Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады.

Я әрпінің таңбалаңуы. Латыннегізді жаңа қазақ жазуында я әрпі төл сөздерде және шеттілдік сөздерде сөз басында, дауысты дыбыстан кейін ia әріп тіркесімен жазылады, сондай-ақ айыру белгісі (ъ) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін ia әріп тіркесі арқылы жазылады: Яғни–iaғni, қоян–qoian, Ялта – Ialta, соя – soia, идея – ideia, альянс – alians.

Ал дауыссыз дыбыстан кейін á арқылы таңбалаңады: Аккумулятор–akútylá tor, муляж – tyláj, заряд – zará d, калькулятор - kalkýlátog.

И (и) әрпінен кейін тұрған я-ның орнына а жазылады: қияр – қiaг, сия – sia, жария – jaгia.

Жіңішкелік белгісі (ь) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады, жіңішкелік белгі (ь) ескерілмейді: Ансамбль – ansámbl (-diń, -i, -ge, -der), пароль – paró l (-diń, -i, -ge, -der), асфальт-asfált (-tiń, -i, -ke, -ter).

Мына сөздерде жіңішкелік белгісі ескерілмейді, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады: Бронь–bron (-nyń, -y, -ǵa, -dar), монастырь–monastyr (-dyń, -y, -ǵa, -lar), гуашь–gúash (-tyń, -y, -qa, -tar).

Жіңішкелік белгісімен (ь) келген буын құрамында е, і әріптері бар сөздерде жіңішкелік белгісі ескерілмейді, қосымшалар түбірдің соңғы буын үндестігіне сәйкес жалғанады: Акварель–akvarel (-diń, -i, -ge, -der), стиль - stil (-diń, -i, -ge, -der), лагерь -lager (-diń, -i, -ge, -ler), артиль – artıl (-diń, -i, -ge, -der).

Ономастикалық атаулар мен кейбір мағынасына нұқсан келетін сөздерде жіңішкелік белгісінің (ь) орнына і әрпі жазылады: Пьер–Pier, пьеса–piesa.

Е әрпінің алдында тұрған айыру белгісі (ь) латыннегізді қазақ жазуында ескерілмейді, қосымшалар соңғы буын үндесіміне сәйкес жалғанады: Субъект–sýbekt, объект–obekt.

Шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқа тілдегі тұрпатына ұқсас жазылады және оларға қосымша буын үндестігіне сәйкес жалғанады: Модератор–moderator (-dyń, -y, -ǵa, -lar), маркер–marker (-diń, -i, -ge, -ler), степлер–stepler (-diń, -i, -ge, -ler), ваучер–vaúcher (-diń, -i, -ge, -ler), айфон–aifon (-nyń, -y, -ǵa, -dar), банкнот–banknot (-tyń, -y, -qa, -tar), банкомат–bankomat (-tyń, -y, -qa, -tar).

Дж әріп тіркесі бар сөздерде д әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады: Менеджер – menejer (-diń, -i, -ge, -ler), джинсы - jınsy (-nyń, -sy, ǵa, -lar), джентельмен – jentilmen (-niń, -i, -ge, -der). -дж әріп тіркесінің арасынан буын жігі өтетін және сөз мағынасы өзгертін жағдайда d әрпі сақталып жазылады: бюджет – búdjet лоджия – lodju.

Сөз соңындағы қайталанған қосар әріптің біреуі түсіріледі : Класс–klas (tyń, -y, -qa, -tar), холл–hol (-dyń, -y, -ǵa, -dar), балл–bal (-dyń, -y, -ǵa, -dar). Сөз ортасындағы қайталама сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гг, дд, кк, уу дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады: Комиссар–komısar, профессор–profesor, ассонанс–asonans, грамматика–gramatika, программист–programıs, металлургия–metalýrgia, эллипс–elıps, спарринг–sparıń.

Шеттілдік сөздердің соңындағы а әрпі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда түсіріліп жазылады. Қосымшалар соңғы буынға үйлесіп жалғанады: Газета – gazet (-tiń, -i, -ke, -ter), минута – mıńýt (-tyń, -y, -qa, -tar), цифра – sıft (-dyń, -y, -ǵa, -lar), кардиограмма - kardıogram (-nyń, -y, -ǵa, -dar).

Бірақ matematika, pedagogıka, statistıka, mehanıka болып жазылады. Сөз аяғындағы -ст, -сть, -зд әріп тіркесінің соңғылары түсіріліп жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: Журналист– jýrnalı (-tiń, -i, -ke, -ter), коммунист - komýnıs (-tiń, -i, -ke, -ter), манифест – manıfes (-tiń,

-i, -ke, -ter), энциклопедия - ensiklopedis (-tiń, -i, -ke, -ter), Эверест - Everes (-tiń, -i, -ke, -ter), ведомость - vedomos (-tyń, -y, qa, -tar), повесть - povest (-tiń, -i, -ke, -ter).

Сөз соңындағы-нғ әріп тіркесі *ń* әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: Паркинг-parkıń (-niń, -ge, -i, -der), боулинг - boylıń (-niń, -ge, i, -der), брифинг- brifıń (-niń, -ge, -i, -der).

Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында *w* әрпімен басталатын кейбір сөздер *ú* әрпімен жазылады: *úatsap, úiki, úikipedia, úeb-sait*.

Әлемдік өркениет көшіне ілесіп қана қоймай, көшбасшылыққа ұмтылуды көздейтін талапшылдығымызға сәйкес, біз қашан да жаңалық атаулыны құптайтынымыз рас. Жаңа әліпбиді үйренуде кейбір кирилл әріптерінің және шетілдік сөздердің жазылуында қиыншылықтар да кездесуі мүмкін. Бұл орайда латын әліпбиіне көшу барысында кездесетін проблемаларды жан-жақты талдай отырып дайындалған қазақ тілінің емле ережелерін, соған орай емле ережелерін жіті түсіндіріп, орфографиялық нормалар мен принциптердің негіздемесін айқындайтын «Қазақ тілінің анықтағышын» басшылыққа алу қажет.

Қорытынды

Латын әліпбиінің ұлттық жобасы талай мәрте ұсынылып, халық пен ғалымдардың қызу талқысына түсуде. Ендігі уақытта сол әліпбиге көшіп, елдігімізді нақтылай түсуіміз қажет. Ендеше, «мәңгілік ел болу үшін, оның мәңгілік тілі болу керек, мәңгілік тілі болу үшін, оның мәңгілік жазуы болу керек, мәңгілік жазуы болу үшін, оның мәңгілік әліпбиі болу керек, мәңгілік әліпбиі болу үшін, ол ұлттық болу керек.

Ұлы ағартушы А. Байтұрсынұлы ХХ ғасыр басында «асыл тіл, түзу емле қазақта» десе [8], бүгін біз ХХІ ғасыр басында, тәуелсіз қазаққа ұлттың басты рухани қазынасы ана тіліміздің, асыл тіліміздің тынысын ашатын ұлттық жазу, түзу емле қажет дегіміз келеді. Латын тілі - ғылыми техниканың тілі. Латын әліпбиіне көшу - заман талабынан туындап отырған бірден-бір қажеттілік. Себебі латын әрпі бүкіл әлемнің қатынас белгісі болып отыр.

Қазақ тілі жазуының латын әліпбиіне көшуі біріншіден, қажеттілік, заман талабы, екіншіден, латын әліпбиі жаһандану үдерісінде үлкен өркениетке жол ашады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Назарбаев, Н. «Болашаққа бағдар : рухани жаңғыру» // «Егемен Қазақстан» газеті. 2017 жылғы 26 сәуір.

2 Энциклопедия. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы : ISBN 5-7667-2949-9.

3 **Исламова, А. Т.** Шетел сөздерінің белгілері мен деректері. – Алматы, 2004. – 15 б.

4 **Әбілқасымов, Б.** Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы : Ғылым, 1971. – 73 б.

5 **Момынова, Б.** Газет лексикасы. – Алматы : Арыс, 1999. – 72 б.

6 **Сағындықұлы, Б.** Дұрыс ереже ең алдымен мектеп үшін // «Жас алаш» газеті. – № 63. 2019, 13 тамыз. – 5 б.

7 Қазақ емлесінің негізгі ережелері (Жобасы). ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ғылыми кеңесінде мақұлданды. – Алматы, 2018.

8 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992.

References

1 **Nazarbayev, N.** «Bolashakka bagdar: Ruhani zhangyru». In Egemen Kazakhstan newspaper. April 26, 2017.

2 Ensiklopedia [Encyclopedia]. – Алматы : – [Almaty chief editorial office of the «Kazakh encyclopedia», publishing house «Atamura»] : «Qazaq ensiklopediasynyń» Bas redaksiyası, «Atamura» baspasy. – ISBN 5-7667-2949-9.

3 **Islamova, A. T.** Signs and facts of foreign words. – Almaty, 2004. – p. 15.

4 **Abylkasymov, B.** Alǵashqy qazaq gazetteriniń tili [Language of the first Kazakh newspapers]. Almaty : Nauka publ., 1971. – p. 73.

5 **Momynova, B.** Gazet leksikasy [Newspaper vocabulary]. – Almaty : Arys publ., 1999. – p. 72.

6 **Sagyndykuly, B.** Durys ereje eń aldymen mektep úshin [Correct rule first of all for the school] In newspaper «Zhas Alash», No. 63, August 13, 2019, P. – 5.

7 Qazaq emlesiniń negizgi erejeleri (Jobasy). QR Bilim jáne ғылым ministrliǵi Ғылым komiteti А. Baitursynuly atyndaǵy Til bilimi institútynyń Ғылыми кеңесінде мақұлданды. [Basic Rules (draft) of Kazakh spelling. The Scientific Committee of the Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan approved the Scientific Council of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov].- Almaty, 2018.

8 **Baitursynov, A.** Til taǵylymy. [Language Teaching] – Almaty : Ana Tili, 1992.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

Г. К. Абдирасилова, Ш. Д. Дуйсенова

Орфограмма заимствованных слов при переходе на латинскую графику

Казахский национальный женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 28.08.20.

В статье рассматривается орфография заимствованных слов в условиях перехода на латинскую графику. При переводе казахского алфавита на латинскую графику особое внимание уделяется четкому видению особенностей и закономерностей национального языка в казахской письменности, охвату потенциала звукового фонда языка. Гибкое написание букв Кириллицы по новому алфавиту в соответствии с произношением казахского языка позволяет сохранить естественную форму казахского языка. Мы сохраним национальную самобытность, овладевая устными словами своей звуковой системы, своей системой письменной речи. В этой связи большое значение имеет и изучение нового алфавита, и обучение на своем уровне.

Ключевые слова: новый алфавит, правила написания казахского языка, переход на латинскую графику, вводные слова, орфография.

G. K. Abdirasilova, Sh. D. Duisenova

Orthography of borrowed words in the transition to the Latin script

Kazakh National Women's Teacher Training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 28.08.20.

The article deals with the spelling of borrowed words in the conditions of transition to Latin graphics. When translating the Kazakh alphabet into Latin graphics, special attention is paid to a clear vision of the features and regularities of the national language in the Kazakh script, and to covering the potential of the language's sound Fund. Flexible spelling of Cyrillic letters in the new alphabet in accordance with the Kazakh pronunciation language allows you to preserve the natural form of the Kazakh language. We will preserve our national identity by mastering our spoken words with our sound system, our writing system. In this regard, learning the new alphabet and learning at your own level is of great importance.

Keywords: new alphabet, rules for writing the Kazakh language, switching to Latin graphics, introductory words, spelling.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz